

**Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 47/1 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда № 3447 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 51/4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 20.01.2016 № 51/4 шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодекс) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына, 444 бабының 1 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Ордабасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін он есе жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Т.Жанысбаев  
Б.Садвахасов*